



**ОБРАЗОВАНИЕ И
ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ НАУКА
XXI ВЕКА
ГЛАЗАМИ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ**

**Сборник
международной
научно-практической
конференции
АСТАНА - УФА – 2023**

**ОБРАЗОВАНИЕ И
ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ НАУКА
XXI ВЕКА
ГЛАЗАМИ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ**

**Сборник
международной
научно-практической
конференции
для студентов, магистрантов,
докторантов и молодых ученых**

**АСТАНА -УФА
2023**

УДК 37.0+80/81
ББК 74.00+81.2
О-23

Рецензенты:

- Буркова Т.А.* – доктор филологических наук, профессор Башкирского государственного педагогического университета им. М. Акмуллы, Башкортостан, РФ
- Булатбаева Г.Н.* – доктор педагогических наук, Национальная Академия им. Ы. Алтынсарина, г.Астана
- Загатова С.Б.* – кандидат филологических наук, профессор Евразийского гуманитарного института, г.Астана

Научный редактор:

Бижкенова А.Е., доктор филологических наук, профессор Евразийского национального университета им. Гумилева

Редакционная коллегия:

Кенжигожина К.С., PhD, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева
Смагулова М.Г., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева

- О-23** Образование и филологическая наука XXI века глазами молодых ученых: Сборник трудов международной научно-практической конференции. - Астана: ИП «Булатов А.Ж.», 2023. - 193 с.

ISBN 978-601-326-711-1

В сборнике представлены тексты докладов участников одноименной международной научно-практической конференции, проведенной кафедрой иностранной филологии ЕНУ им. Гумилева совместно с кафедрой германского языкознания и зарубежной литературы БГПУ им. Акмуллы.

Тексты не подлежали правке и размещены в авторской редакции и стилистике.

УДК 37.0+80/81
ББК 74.00+81.2

ISBN 978-601-326-711-1

© Коллектив авторов, 2023

қорытындылай келе, грамматикалық функционалдығымен тығыз байланыста болып табылатын синтаксистік модификацияны қарастырамыз.

Идиомалардың синтаксистік модификациясы фразеологиялық бірліктің синтаксистік құрылымының ұзаруына, қысқаруына немесе өзгеруіне әкеледі. Оларға мыналар жатады: қысқарту (эллипсис); компоненттерді қосу; сөйлемнің коммуникативті түрін өзгерту; бөліктерге бөлу; аллюзия.

Мысалы, The Guardian газетінен мына мысалды қарастырсақ: So the voters are ready for reform. What they await is a government that can break through the familiar contradiction, found in every survey on the subject, which reveals most respondents wanting better services and lower taxes at the same time, the Gordian knot that Gordon Brown now seeks help in cutting (The Guardian, 29.11.2001). Бұл жерде қолданылған фразеологизм «to cut the Gordian knot» (өте күрделі немесе қорқынышты мәселені шешу) бөліктерге бөлініп берілген сөйлемде, сәйкесінше оның бастапқы грамматикалық функционалдығы да өзгеріске ұшырады. Осы сөйлемде «to cut the Gordian knot» грамматикалық рөлі – apposition, себебі бұл сөйлемдегі предикатты айқындап тұр.

Қорытындылай келе, жалпы фразеологиялық бірліктің грамматикалық функциясы оның нақты құрылымына және сөйлемде қолданылуына байланысты. Газеттер көбінесе тартымды және әсерлі жазу стилін жасау үшін фразеологиялық бірліктерді өзгеріске ұшыратып пайдаланады, сәйкесінші фразеологиялық бірліктердің синтаксистегі атқаратын қызметі де өзгеріске ұшырайды.

Пайдаланылған әдебиет тізімі

1. Гусейнова Т.С. Гусейнова Т.С. Трансформация фразеологических единиц как способ реализации газетной экспрессии: на материале центральных газет 1990-1996 гг.
2. Виноградов В. В. Лексикология и лексикография. Избранные труды, 1977.
3. Горлов В.В. Фразеологизмы как средство выразительности на страницах газет, 1985 г.
4. Кунин А.В. Курс фразеологии современного английского языка, 1996.
5. Allerton D. Phraseological Units: Basic Concepts and Their Application/D.Allerton. - Schwabe Verlag Basel, 2004.
6. Алефиренко Н.Ф. Фразеология в свете современных лингвистических парадигм/ Н.Ф. Алифиренко. – 2-е изд., стер. – М.: ЭЛПИС, 2008.
7. Fairclough N. Analysing Discourse / N. Fairclough. – London: Routledge, 2003.
8. The Guardian, <https://www.theguardian.com/international>

ЖАСТАР ТІЛІНДЕГІ ВЕРБАЛДЫ ЖӘНЕ БЕЙВЕРБАЛДЫ БЕЛГІЛЕРДІҢ СИПАТТАМАСЫ ЖӘНЕ ЖІКТЕЛУІ

*Инсебаева А.К.,
4 курс студенті,
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ*

Түйіндеме: Мақалада жастар қарым-қатынасындағы әртүрлі вербалды және бейвербалды белгілердің қолданылуы мен жіктелуі қарастырылады. Заманауи цифрлық

таңбалар жастардың және жасөспірімдердің коммуникациясында өзіндік мағынасымен және эмоционалды бояуымен ерекшелінеді. Сонымен қатар, қазіргі кездегі жиі қолданысқа ие бейвербалды және вербалды белгілердің сипаттамалары мен пайдаланылуы әлеуметтік желілерден және интернет ресурстардан келтірілген мысалдар арқылы дәлелденді.

Түйін сөздер: белгі, вербалды, бейвербалды, таңба, коммуникация, интернет.

Аннотация: В статье рассматривается использование и классификация различных вербальных и невербальных знаков в молодежном общении. Современные цифровые символы отличаются своим смыслом и эмоциональной окраской в общении молодежи и подростков. Кроме того, характеристики и использование невербальных и вербальных знаков, которые часто используются сегодня, доказываются на примерах из социальных сетей и интернет-ресурсов.

Ключевые слова: знак, вербальный, невербальный, коммуникация, интернет.

Abstract: The article discusses the use and classification of various verbal and non-verbal signs in youth communication. Modern digital symbols are distinguished by their meaning and emotional coloring in the communication of young people and teenagers. In addition, the characteristics and use of non-verbal and verbal signs that are often used today are proven by examples from social networks and Internet resources.

Keywords: sign, verbal, non-verbal, communication, internet.

Байланыс кезіндегі қарым-қатынастың негізгі құралдары – вербалды және вербалды емес белгілер болып табылады. Вербалды коммуникация - адам қоғамындағы қарым-қатынастың ең кең таралған түрі. Вербалды құралдарға ауызша сөйлеу де, жазбаша сөйлеу де жатады. Ауызша сөйлеу – ең көп тараған қарым-қатынас құралы. Жазбаша сөйлеу - жазып, оқитын сөйлеу, жазбаша әріптер түрінде және басқа белгілермен көрсетіледі. Сөйлеу қарым-қатынастың ең әмбебап құралы болып табылады, өйткені сөйлеу арқылы ақпарат беру кезінде хабарламаның мағынасы аз жоғалады [1, 3 б.].

Ал вербалды емес коммуникация деп адамдар арасындағы сөзсіз қарым-қатынастың барлық құралдары мен адамның сыртқы келбеті мен экспрессивті қимылдары: ым-ишара, дене қимылы, бет-әлпеті, жүріс-тұрысы, интонация және көзбен қарау болуы мүмкін. Көбінесе адамның эмоционалды реакциясын болжайтын байланыс құрылғысы болып табылады. Визуалды қарым-қатынас кезіндегі көзбен байланыс сияқты адами вербалды емес байланысты да жатқызуға болады. Вербалды емес құралдар вербалды қарым-қатынасқа маңызды қосымша болып табылады. Себебі, бейвербалды құралдар жүйесі арқылы қарым-қатынас процесінде адамдардың сезімдері туралы ақпарат таратылады [2, 118 б.].

Вербалды коммуникация - адам қоғамындағы қарым-қатынастың кең таралған түрі. Ауызша қарым-қатынас – адам арасындағы байланыстың ең алғашқы түрлерінің бірі [3, 3 б.]. Қарым-қатынастың ауызша түрде дамуы белгілі бір тарихи кезеңдерге негізделуі мүмкін. Вербалды коммуникация ешқашан белгілі бір салаға байланысты болған жоқ, оның орнына ол жаһандық ортақ қарым-қатынас дәстүріне ие болды [4, 32 б.].

Мақала жастардың қарым-қатынасын зерттеуге бағытталғандықтан, интернет ресурстарынан алынған гипермәтіндерге басты назар аударылады.

"Гипермәтін - қосымша элементтерді басқару мақсатында және ішінде екпінді элемент орналасқан мәтін түрі. Мәтін ішіне сурет, дыбыс енгізуге, мәтінді безендіру және форматтау әрекеттерін орындайтын немесе осы құжаттың басқа бөлігіне сілтеме арқылы белгіленген сөз". Жалпы, гипермәтінді бейнелеу үшін браузер деп аталатын арнайы программалар қолданылады. Браузер - Web-беттерді (гипермәтіндік беттерді) қарауға негізделген программа (Opera, Google Chrome, Safari, Mozilla, Netscape Navigator, Internet Explorer және т.б) болып табылады [5, 5 б.].

XXI ғасыр – технология мен визуализация дәуірі. Бүгінгі таңда, жасөспірімдер қағаз тасымалдағыштарға аз уақыт бөледі, оның орнына олар видеобейнелерді, мемдерді, онлайн суреттерді және т.б цифрлық таңбаларды қолдануды қалайды. Әлеуметтік желілерде және шынайы өмірде жас ұрпақтар ересектер жиі түсінбейтін дене тілін көп қолданады. Мысалы: Twitter және Tiktok желілерінде жастар ұялшақтықты білдіретін □ саусақтары бар эмодзи жиынтығын қолдана бастады. Бұл қауіпті сұрақ қойғанда немесе жеке бір нәрсемен бөліскісі келгенде ұялшақтықты немесе шешімсіздікті көрсететін таңба.

Сонымен қатар, жасөспірімдер мен жастар арасындағы қарым-қатынаста аббревиатуралар мен сленгтердің қолданылуы өте жиі байқалады. Мысал ретінде, төменде көрсетілген аббревиатуралар күнделікті өмірде көп қолданылады :

<ASAP> – As soon as possible

<LOL> - laughing out loud

<IDK> - I don't know

<ILY> - I love you

<TBH> - to be honest

<AFAIK> - as far as i know

<B4> - before

<BTW> - by the way [6].

Төменде кейбіреулерінің қалай қолданылатынына мысалдар берілген :

1. *Btw I am still here. I am not going to move. Don't stop me. (Twitter: @dotaebby, 16 ақпан 2023ж) [7].*

2. *Girl you are gorgeous with or without makeup! Thank you for the tutorial. I'm trying this look ASAP. (YouTube : J Ross, 25 қаңтар 2023ж) [8].*

Жастардың қарым-қатынасындағы вербалды және вербалды емес белгілерді зерттей келе, таңбалардың өзіндік классификациясын жасадық (1- кесте).

Кесте 1 Жастар тіліндегі белгілердің жіктелуі

Кесте бойынша, жастардың қарым-қатынасында вербалды емес коммуникация құралдары басым екені белгілі. Сондықтан, хабарламаларды бейвербалды (ауызша емес) түрде жеткізуге мүмкіндік беретін көптеген құралдарды


көріп отырмыз. Бейвербалды белгілер құралдарының әрқайсысына тоқтала кетсек:

- Интонация - қатынастың паралингвистикалық құралдарына жатады. Сөйлеушіні жақсы түсіну үшін оның даусын тыңдау, интонацияға (тон, тембр, дыбыс қаттылығы және сөйлеу жылдамдығы) назар аудару керек.

- Ым немесе мимика - адамның бет әлпеті, бұл ойлар, эмоциялар мен сезімдерді көрсетудің негізгі элементі болып табылады. Ойлар, сезімдер мен эмоциялар туралы қосымша ақпаратты тасымалдайды және коммуникативті мәнге ие. Әңгімелесушілерге айтылғанның шынайы мағынасын түсінуге көмектеседі.

- Дене қимылы (жест) – мағыналы дене қозғалысы (әдетте қол қозғалысы). Қимылдар біздің сөйлеуімізге эмоционалды реңк беруге, әңгімелесушіге деген көзқарасты білдіруге немесе назар аударуға көмектеседі. Мысалы:

- Қалтада жасырылған қолдар сенімсіздікті білдіреді;



- Айқасқан саусақтар сәттілік тілеу үшін жиі қолданылатын қол қимылы.

- Көзбен қарау және оның бағыты бейвербалды қарым-қатынастың тағы бір құрамдас бөлігі болып табылады. Көздер барлық тұлғааралық байланыс сигналдарының ең дәл және ашық сигналдарын береді, өйткені олар адамның бет-әлпетінде орталық орынды алады.

Барлық әлеуметтік желілерде дайын онлайн бейнелер жастар арасында көп мөлшерде қолданылады және де үлкен сұранысқа ие. Атап шыққанда

олар: смайлдар немесе эмоджилар, гифтер/гифкалар, жапсырмалар және жақшалар.

- Смайл – эмоцияны бейнелейтін таңбалар жүйесі. Бүгінгі күні, Apple корпорациясы өзінің iOS операциялық жүйесінде 1670-ден астам эмодзилерді (оның ішінде әртүрлі тері реңктері бар бірдей эмодзилердің комбинацияларын санағанда – 2807 эмодзи) ұсынды [9]. Бейнелейтін нәрсеге сүйене отырып, эмодзилерді сегіз топқа бөлуге болады : Смайлдар және адамдар, жануарлар және табиғат, ас және сусындар, белсенділік, саяхат және жергілікті жер, заттар/нысандар, символдар мен тулар (мемлекеттік).

- GIF (ағылш. Graphics Interchange Format "суреттерді алмасу форматы») - сандық (цифрлық) кескін, әдетте анимациялық, ол бірнеше кадрлардан тұрады [10]. Әлеуметтік желілердегі тағы бір кең таралған бейвербалды белгілер - GIF файлдары. Гиф белгілері өте танымал және WhatsApp мессенджерінде жастар арасында жиі қолданысқа ие.

- Жастар коммуникациясында кеңінен қолданылатын эмоцияларды жеткізудің тағы бір танымал тәсілі - стикерлер немесе жапсырмалар. Стикерлер — чатқа жіберуге болатын суреттер. Олар эмоцияларды білдіруге және қарым-қатынасты жандандыруға көмектеседі. Telegram және WhatsApp мессенджерлеріндегі барлық стикерлер нақты эмоцияны білдіретін белгілі бір эмотиконға сәйкес келеді.

- Позитивты жақшаларды «))» пайдалану сіздің қарым-қатынасыңызға қуаныш пен жеңілдік беруге мүмкіндік береді, сонымен қатар әңгімелесушіге деген бейімділікті көрсетеді.

Өзінің коммуникативті мүмкіндіктері жағынан бейвербалды белгілер вербалды қатынастың барлық түрлері мен формаларына қарағанда әлдеқайда бай, дегенмен өмірде оларды толығымен алмастыра алмайды. Осылайша, цифрлық уақытта бейвербалды қарым-қатынас әлеуметтік желілерде жастар арасында өте жиі қолданылады деген қорытындыға келуге болады. Қазіргі жасөспірімдер қолданатын вербалды емес қарым-қатынас үлгілерін әлеуметтік желілерден алынған мысалдармен салыстырдық. Көптеген дене қылықтар, эмотикондар, жақшалар, цифрлық бейнелер оң (жақсы) мотивті білдіреді, бірақ теріс (жаман) мағыналар да бар, олар сирек кездеседі. Бейвербалды коммуникация - бұл хабарды жеткізу үшін қолданылатын және оны жақсырақ түсінуге арналған таңбалардың, белгілердің жүйесі. Зерттеу нәтижелері ересектерге жасөспірімдердің вербалды емес қарым-қатынасын жақсы түсінуге көмектеседі деген ойдамыз.

Пайдаланылған әдебиет тізімі

1. Н. И. Шевандрин. Қарым-қатынастың коммуникативті жағы. - 3 б.
2. Т.В.Липатова. Вербальные и невербальные средства коммуникации и их место в системе языка. - Москва, 2015. - 118 с.
3. Andrea Rocci, Louis de Sassure. Verbal communication: an Introduction. – Neuchâtel, 2016. - 3 p.

4. Panini, et al. Fiorini, R. "Oral communication: short history and some rules". – 2015. Giornale Italiano di Nefrologia. – 32 p
5. А.А.Андаспаева, Ш.Е.Жусипбекова, А.Ш.Баракова. HTML – гипермәтінді белгілеу тілі. - Алматы, 2019. - 5 б.
6. <https://mel.fm/blog/efeducationrussia/14098-lol-btw-asap-kak-perepisyvayutsya-podrostki-na-anglyskom>
7. <https://twitter.com/dotaebby/status/1626095843907637248?s=20>
8. <https://youtu.be/DGgX-kRyOY4>
9. <https://bloha.ru/editorial/yemodzi-znacheniya-vsekh-2776-smaylikov-na-ay/>
10. <https://ru.wikipedia.org/wiki/GIF>

ФРАЗЕОЛОГИЗМЫ НЕМЕЦКОГО ЯЗЫКА ТЕМАТИЧЕСКОЙ ГРУППЫ «ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ»

*Латынова Н.Р.,
Студентка 5 курса,
БГПУ им. М. Акмуллы
Научный руководитель – к.ф.н., доц. Галиева Г.Р.*

***Аннотация:** В данной статье представлен структурно-семантический анализ фразеологизмов немецкого языка тематической группы «экономическая деятельность». Описаны основные аспекты экономической деятельности, нашедшие отражение в немецкой фразеологии, выявлены заключенные в анализируемом классе единицы ценностные суждения.*

***Ключевые слова:** фразеология, немецкий язык, экономическая деятельность, ценность, антиценность.*

***Abstract:** This article presents a structural and semantic analysis of the phraseological units of the German language of the thematic group "economic activity". The main aspects of economic activity reflected in the German phraseology are described, the value judgments contained in the analyzed class of units are revealed.*

***Key words:** phraseology, German language, economic activity, value, anti-value.*

Одной из самых значимых областей деятельности в любой период истории homo sapiens является экономика. Этот вид активности играет особую роль и в немецкой культуре, которая, будучи выстроенной в рамках протестантской этики, давно развивается в «духе капитализма». В связи с этим не удивительно, что экономические отношения являются важной составляющей фразеологической картины мира немецкого языка. Для ее изучения необходимо: во-первых, дать определение и описание фразеологической единицы и обозначить ее аксиологический аспект; во-вторых, осуществить структурно-семантический анализ фразеологических единиц группы «экономическая деятельность».

Несмотря на продолжающиеся споры о сущности фразеологизма, в лингвистике (как отечественной, так и немецкой) все же есть ряд общепринятых тезисов: фразеологическая единица (ФЕ) характеризуется несовпадением